

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2005 жылға арналған шекті шамасын және оны пайдалану тетігін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1209 Қаулысы

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2005 жылға арналған шекті шамасы есепті айда Қордың шотына келіп түскен активтер мөлшерінің 1,3 пайызынан асырылмай бекітілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес есептелген есепті айдағы комиссиялық сыйақы сомасы есепіден кейінгі айдың бірінші бес жұмыс күнінде Қордың ағымдық шотына аударылуға тиіс.

3. Қордың ағымдағы шотына аударылған комиссиялық сыйақы сомасы Қордың 2005 жылға арналған әкімшілік шығыстарының бекітілген сметасы шегінде пайдаланылуға тиіс.

4. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*